

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - БСҚА**

**«Ө. ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ**

**БББ-СЫН АККРЕДИТТЕУ
6В01704 - «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН
МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМІН
ДАЯРЛАУ»**

Астана, 2025 жыл

САРАПТАМАЛЫҚ ТОП




Руководитель: Абзұлдинова Гүлсұм Кенжебековна, руководитель образовательной программы «Русский язык и литература» высшей школы гуманитарных наук, кандидат филологических наук, НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан», г. Павлодар



Рустем Камшат Молдановна, заведующая кафедрой всемирной истории, доктор PhD, НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая», г. Алматы



Заведующий кафедрой «Философия», доктор PhD, Учреждение «Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави», г. Туркестан



Досмагамбетова Джамिला Жамбыловна, заведующая кафедрой иностранного языка, кандидат философских наук, и.о. доцента, НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби», г. Алматы



Шакаман Ырысгуль Бектемировна, кандидат филологических наук, профессор Высшей школы гуманитарных наук, НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан», г. Павлодар



Байбосынова Гаухар Смановна, директор КГУ «Общеобразовательная средняя школа №14 имени Айбека» управления образования г. Шымкент, учитель высшей категории



Нурлибек Жансая Нұрғалиқызы, студент 2 курса по образовательной программе «Казахский язык и литература» НАО «Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова», г. Шымкент

КООРДИНАТОР НАОКО

Тажибаева Гаухар Баранбаевна, Независимое агентство по обеспечению качества в образовании, департамент аккредитации вузов и НИИ

Сарапшылар тобының есебі IQAA зияткерлік меншігі болып табылады. Кез келген ақпаратты пайдалануға тек IQAA сілтемесі арқылы рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершілікке әкеп соғады.

**6B01704 - «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ» БББ-СЫ БОЙЫНША ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ
ЕСЕБІНІҢ ӘР СТАНДАРТҚА САЙ НАҚТЫ ІСТЕРІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙІ**

Стандарттар	Өзін-өзі бағалау есебінің әр стандарт бойынша ЖОО-дағы істердің нақты сипатына сәйкестік деңгейі			
	Толық сәйкестік	Маңызды сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкессіздік
1-стандарт. Білім сапасын қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық	+			
2-стандарт. Білім беру бағдарламасын жасау және бекіту, ақпаратты игеру	+			
3-стандарт. Студентке бейімдетілген білім беру, оқыту және бағалау	+			
4-стандарт. Студент қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
5-стандарт. Оқытушы-профессорлық құрам		+		
6-стандарт. Білім қоры (ресурс) және студенттерді қолдау	+			
7-стандарт. Қоғамдық ақпараттандыру	+			



16.05.2025

МАЗМҰНЫ

1-ТАРАУ. ТЕКСЕРІС МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Кіріспе.....
ЖОО туралы жалпы
сипаттама.....

2-ТАРАУ.САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЕСЕБІ

Бағдарламалық аккредитацияның стандарттарына сәйкестік

Кіріспе

1-стандарт

Білім сапасын қамтамасыз ету саясаты және академиялық адалдық.....

2-стандарт

Білім беру бағдарламасын жасау және бекіту, ақпаратты игеру
.....

3-стандарт

Студентке бейімдетілген білім беру, оқыту және бағалау

4-стандарт.

Студент қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау
.....

5-стандарт. Оқытушы-профессорлық құрам

6-стандарт

Білім қоры (ресурс) және студенттерді
қолдау.....

7-стандарт

Қоғамдық

ақпараттандыру.....

3-ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ.....

...

1-тарау

ТЕКСЕРІС МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

Кіріспе

«Ө.Жәнібеков ат.Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҰБО білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бағдарламасын жүзеге асыру рәсімі аясында сараптамалық топтың сыртқы сапары 2025 жылғы мамырдың 15-16-сы аралығында өтті. Сыртқы аудит IQAA әзірлеген және университет басшылығымен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материал (келу бағдарламасы,БББ-ның өзін-өзі бағалау туралы есеп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі БББ-ының өзін-өзі бағалау рәсімін ұйымдастыру-өткізу нұсқаулығы білім беру ұйымына келгенге дейін сараптамалық топ мүшелеріне ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне уақтылы дайындалуға мүмкіндік берді. БББ-ның өзін-өзі бағалау есебін талдау сарапшылар тобына IQAA бағдарламасының аккредиттеу стандартының өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан аккредиттелген БББ-ы бойынша алдын ала қорытындыны жасауға негіз болды.. Университет басшылығымен кездесуде сарапшылар тобы университеттің соңғы жылдардағы жалпы сипаттамамен, жетістіктерімен ресми түрде танысты. Сыртқы тексеріске қатысты жоспарланған іс-шарада материалдық-техникалық базамен, аккредиттелген БББ-сының бағыты бойынша кафедраның профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен, түлектермен, жұмыс берушілермен танысу жүзеге асты, БББ бойынша есептегі деректердің талапқа сәйкестігін сараалау жасалды. Құжаттамалық мәліметтер, кездесу, сұхбат алу нәтижелерін талдау, университеттің білім беру орындарын, базаларын аралау, бағдарлама мазмұны, оқу үдерісін ұйымдастыру, қолданыстағы инфрақұрылым, менеджмент туралы ақпаратқа қолжеткізілді. Университеттің білім беру қызметі Академиялық саясат негізінде жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнының негізгі сипаттамасы

Ө. Жәнібеков ат.Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (ОҚПУ) оңтүстік өңірдегі жетекші оқу, ғылыми, әдістемелік, мәдени орталықтың бірі болып табылады. Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1937 жылғы 19 наурыздағы No263 қаулысымен Н.Крупская атындағы екі жылдық Шымкент мұғалімдер институты құрылды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 17 шілдедегі № 624 қаулысымен Н.Крупская атындағы Шымкент мемлекеттік педагогикалық институты болып өзгертілді (ШМПИ).

ҚР-сы Үкіметінің 1993 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысымен ММПИ Қ.А.Ясауи ат.Халықаралық қазақ-түрік университетінің (ХҚТУ) М.Әуезов ат. Шымкент педагогикалық институты болып құрылды. 1995 жылы ШПИ ХҚТУ Ғылыми кеңесінің ХҚТУ Өкілетті кеңесінің 1996 жылғы 19 мамырдағы (5-ші отырыс) қаулыларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 573 және Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 1996 жылғы 23 мамырдағы №143 қаулысына сәйкес ХҚТУ-ң Шымкент бөлімі (Оңтүстік Қазақстан облысының

тіркеу палатасында № 0395059 тіркелген) болып өзгертілді. Қ.А.Ясауи ат.ХҚТУ Шымкент бөлімі ХҚТУ Шымкент филиалы болып өзгертілді (ХҚТУ 2003 жылғы 3 наурыздағы № 1-02 бұйрығы, тіркеу куәлігі No 2225-1958фл). Университеттің уәкілетті кеңесінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі шешімімен ХҚТУ Шымкент филиалы 2008 жылы жабылған ХҚТУ Шымкент университетіне айналды.

ҚР-сы Министрлер Кабинетінің 2011 жылғы 28 маусымдағы No722 қаулысымен ең көне педагогикалық оқу орны Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қайта жанданды. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 63. Байланыс телефоны: 87084386561 Телефон/факс: 87252210348 Электрондық пошта мекенжайы: E-mail: info@okmpu.kz Ресми веб-сайты: <https://okmpu/ed>

2-тарау

САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Кіріспе

6B01704 - «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» БББ-сын іске асыру «Білім туралы» ҚР-сының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес (ҚР Заңының 04.07.2018 ж. №171-VI өзгерту және толықтырулармен), ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (18.05.2020 ж. № 207 өзгерту және толықтырулармен), ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарға (5.05.2020 ж. № 182 өзгерту және толықтырулармен), ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесіне (ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен енгізілген өзгертулер және толықтырулармен), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, сондай-ақ университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес күндізгі оқыту нысаны бойынша жүзеге асырылады

Университеттің стратегиялық жоспарының миссиясы, мақсат-міндеттері БББ-да басшылыққа алынады. БББ-сында оқытудан күтілетін нәтижелер берілген.. Жұмыс берушілер мен білім алушылардың ұсыныстары білім беру траекториясын ұйымдастыруда ескеріледі. 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-сының сапасын қамтамасыз ету БББ-сының мазмұнын қалыптастыру кезінде барлық деңгейлерде қолдау табады. Оның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі; жоғары білікті ПОҚ кадрлық құрамы, жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың пікірлері мен ұсыныстары; студентке бағдарланған оқыту; материалдық-техникалық база және ресурстық материалдар; нәтижелердің тұрақты мониторингі және басқа да сипаттамалар ескеріледі. Университеттің Академиялық саясаты БББ жетілдіруге бағытталған, Кредиттік оқыту технологиясы және оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жағдайларында оқу үдерісін жүйелейтін ішкі сапа стандарттары мән мәтінінде іске асырылатын ережелерді жазып көрсетеді

БББ-сы жоғары білікті ғылыми-педагог кадрларды дайындауға, әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін жоғары білім беру сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету саясатына сай білім алушыларға орталықтандырылған білім беру қағидаттарын оңтайлы ұйымдастыру басшылыққа алынған. Бағдарлама негізінде елдің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін қанағаттандыратын және даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары білімді және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар дайындалады. Бағдарлама мамандықтың Ұлттық бірегейлігіне сәйкес құрастырылып, Еуропалық біліктілік аясындағы

кәсіби стандарттар мен Дублин дескрипторларына сәйкестендірілген. БББ-сы жеке білім беру траекториясын өзгертуге және кезең сайын өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. БББ-сының құрылымы, деңгейі талапқа сай.

Бағдарламаны аккредиттеу стандарттарына сәйкестік

1-СТАНДАРТ.САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

Дәлелдемелер және талдау: 6B01704 - «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» БББ-сы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды, еңбек нарығындағы сұранысты, жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып әзірленген. ББ мақсаттары қоғамның өзгертін қажеттіліктерін, өңірдің жұмыс берушілерінің ұсыныстарын ескере отырып қалыптастырылған және нақтыланған. Бағдарламаның элективті пәндер каталогын (ЭПК) және дипломдық жұмыстардың тақырыбын анықтауға қатысатын мамандар практика базаларын ұсынады, сондай-ақ бітірушілердің қорытынды аттестаттауын өткізуге қатысады. Жаңа міндеттерге байланысты БББ-сының мақсаттары қайта қаралып, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша бәсекеге қабілетті, ғылым мен кәсіби қызмет саласындағы ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес жалпы мәдени және кәсіби құзыретке ие ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың жолдары жетілдіріліп отырады. Элективті пәндер курсы жұмыс берушілер мен жұмысшы тобының ұсынысы негізінде өзгертіліп отырады.

Сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құжаттамасы университетті дамыту бағдарламаларын, сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты, сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылықты, саясатты, құжатталған рәсімдерді, ережелерді, нұсқаулықтарды, қызмет бағыттары бойынша қағидаларды қамтиды. Сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі университеттің стратегиялық жоспарлау мен білім беру бағдарламаларының мынадай мақсаттарына тиімді қол жеткізуге бағытталған: бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету; әлемдік үрдістер контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін жетілдіру; зерттеу жүйесін құру.

Университеттегі әрбір іс-шара Сапа саласындағы саясат пен Академиялық адалдық кодексі негізінде жүргізіледі. Сапа саласындағы саясат ОҚПУ стратегиялық мақсаттары негізінде әзірленген. Сапа саясаты университеттің барлық бөлімдерге таратылады, сондай-ақ университеттің сайтында ((Ғылыми кеңеспен бекітілген, 08.11.2023 ж. № 5 хаттама; <https://okmpu.kz/content/university/about-us/the-mission-of-the-university/quality-policy/> орналастырылған. Сапа саясаты аясында университетте оқытушылардың, қызметкерлер мен білім алушылардың академиялық адалдық және корпоративтік этика қағидаларын сақтауына, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу шараларына көп көңіл бөлінеді. Білім

беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін университет өзара тиімді мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде университетпен өзара іс-қимыл үдерісіне мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл тетіктерін әзірледі. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі туралы барлық өзекті ақпарат, іске асырылып жатқан білім беру бағдарламалары туралы ақпарат университеттің www.univershu.kz ресми сайтындағы жарияланымдар арқылы жүзеге асырылады. Сайтта миссия, университетті дамытудың Стратегиялық бағдарламасы, ұйымдастыру және басқару құрылымы, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттама, талапкерлерге университетке түсу тәртібі және дайындық туралы деректер, БББ-сы туралы ақпарат, берілетін біліктіліктер, оқыту деңгейі, оқыту үрдістері мен бағалар, білім алушылар үшін оқу мүмаіндіктері, түлектердің сәттіліктері мен жұмыспен қамтылғандары, басқарушы құрам және ПОҚ, материалдық-техникалық база және әдістемелік қамтамасыз етушілік, жүргізілетін шаралар туралы ақпарат, ПОҚ және білім алушылардың жетістіктері жарияланады. Сайтта сондай-ақ, ЖОО кадрлық саясаты да көрсетілген. Құрылымдық бөлімдер сайтта барлық жұмыс түрлері, бакалаврлардың оқу сапасын бағалау нәтижелері және білім беру бағдарламаларының рейтингі бойынша ақпаратты үнемі жаңартып отырады. Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (<https://platonus.okmpu.kz/>) ОҚПУ оқу үдерісі туралы ақпарат береді. Platonus құрамында барлық пәндерге оқу-әдістемелік кешендер: силлабустар, дәрістердің конспектілері, зертханалық және практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар, емтихан материалдары сияқты қажетті материалдарды пайдалануға мүмкіндік беретін профессор-оқытушылардың әдістемелік кешен модулі әзірленген.

Әр семестрде пәндер бойынша аралық, межелік және қорытынды бақылау жүргізіліп отырады. Емтихандар бақылау камералары бар аудиторияларда тәуелсіз емтихан алушының қатысымен қабылданады. Жазбаша емтихандардың жауап парақтары білім алушылардың тегі көрсетілмей шифрланады. Емтихан жауаптарын тексеру процедурасының өзі кафедрада емес, факультет деканы бекіткен аудиторияда жүргізіледі. Сессия барысын «Таза сессия» штабының мүшелері бақылайды. Оның құрамына академиялық мәселелер жөніндегі проректор, этикалық комиссия мүшелері, жастар саясаты жөніндегі бөлім басшысы, білімалушылардың өзін-өзі басқару мүшелері, университеттің комплаенс-офицері кіреді. Кафедрада «Сыбайлас жемқорлыққа көзқарас» сауалнамасының нәтижелері бойынша профилактикалық іс-шаралар арнайы талқыланады және өткізіледі. Сондай ақ университет сайтында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы онлайн портал орналасқан <https://bilim.okmpu.kz/>. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл порталы "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңы, гранттарды бөлу, онлайн жатақхана сияқты бөлімдерді қамтиды.

Университетте ОҚПУ Е 7.18-2024 СМЖ «Антиплагиат жүйесін пайдаланып жазбаша жұмыстарды тексеру ережелері» жүйесін пайдалана отырып, жазбаша жұмыстарды тексеру ережесі әзірленген. «Антиплагиат-Казахстан.Вуз» жүйесінің көмегімен жұмыстарды тексерудің негізгі

талаптары мен рәсімдері айқындалған. «Антиплагиат-Казахстан.Вуз» білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру үшін академиялық адалдықты қамтамасыз етуге және плагиаттың алдын алуға бағытталған.

Академиялық адалдық саясаты шеңберінде университетте жазбаша жұмыстарды тексеру үшін «Антиплагиат-Казахстан.Вуз» лицензиялық бағдарламасы қолданылады. Негізгі академиялық жазулардың (*курстық жұмыстар/жобалар, диплом жұмыстары/жобалары, магистрлік диссертациялар, монографиялар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми мақалалар*) мазмұны мен сапасын талдау «Антиплагиат-Казахстан.Вуз» жүйесін қолдана отырып жүргізіледі. 2024 жылғы 25 қарашада университет «Антиплагиат-Казахстан» ЖШС-мен № 280 лицензиялық келісім жасалған.

Жұртшылықты, талапкерлерді, сондай-ақ ішкі қызметкерлер мен білім алушыларды құлақтандыруға арналған жарнамалар, хабарландырулар және қажетті материалдар адалдық саясатының талаптарына сәйкес университетте сайтына, сондай-ақ Instagram, Facebook, Youtube әлеуметтік желілерінде жарияланады (<https://talapker.okmpu.kz/>).

Қазіргі уақытта «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы қаланың жетекші мектептерінде (А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия, №23 З. Космодемьянская атындағы мектеп-гимназия) кафедра филиалы ашылған. Осы филиалдардың мектеппен жұмысты ұйымдастыруға тигізер септігі мол екендігі байқалады.

Сарапшылар тобы университеттің Тіркеу кеңсесінің жұмысымен егжейтегжейлі танысты. Тіркеу кеңсесі бизнес-процестерді автоматтандыру және цифрландыру құралдарын пайдалана отырып, университеттің басқа оқу бөлімшелерімен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, таңдалған оқу траекториясы бойынша білім алуда білім алушыларға жәрдемдесуді, оқу үдерісін үйлестіруді және мониторингілеуді, оқу үдерісі шеңберінде академиялық күнтізбеге сәйкес оқытудың барлық нысандары бойынша ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау жүргізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Түлектерді даярлау сапасы туралы қажеттіліктер мен пікірлерді зерделеу үшін барлық мүдделі тараптардың (білім алушылар мен жұмыс берушілердің) өкілдеріне жыл сайын тұрақты түрде сауалнама жүргізіледі. ОП түлектерімен жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейі-80,0%. Педагогикалық практика барысында мектептерден ұсыныс түсіп, жұмысқа қабылданған білім алушылар да бар екендігі анықталды. Университетте үнемі «Оқытушы білімалушының көзімен» әлеуметтік сауалнамасы жүргізіледі, бұл сауалнамалар талданады және ұжымдық шешімдер қабылданады. Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) құжаттары білімді бағалаудың барлық аспектілерін қамтиды: аралық аттестациялардан бастап қорытынды емтихандарға дейін, бұл бағалау үдерісінің жоғары деңгейдегі объективтілігі мен үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Ішкі регламенттер академиялық жұмыстарды тексеруде заманауи технологияларды қолдануды

да қарастырады, бұл академиялық адалдық деңгейін арттырып, плагиаттың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сыртқы сарапшылар университеттің материалдық-техникалық базасының жеткіліктілігін, мамандандырылған кабинеттердің болуын, ақпараттық технологиялар мен ресурстардың жоғары деңгейде дамуын, кафедраның тәжірибелік базаларының жеткіліктілігін, практик-мамандардың оқу үдерісіне тартылуын және профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін тұрақты түрде арттыруын университеттің білім беру сапасы мен академиялық адалдық саясатын толық қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде таныды. Университеттің даму стратегиясы ресми сайтта орналастырылған: (<https://okmpu.kz/content/university/about-us/strategic-plans/development-strategy/>). <https://okmpu.kz/content/university/about-us/the-mission-of-the-university/the-mission-of-the-university/>

Университеттің миссиясы, сапаны қамтамасыз етудегі стратегиялық міндеттері университеттің ресми сайтында орналастырылған. <https://zhanibekov.edu.kz/content/university/about-us/the-mission-of-the-university/the-mission-of-the-university/>

Білім беру құрылымы. <https://zhanibekov.edu.kz/content/university/about-us/university-structure/university-structure/>

Ө.Жәнібеков ОҚПУ академиялық саясаты <https://zhanibekov.edu.kz/content/education/academic-docs/academic-policy/academic-policy/>

Университеттің ресми сайтында «Talapker» талапкерлерге арналған бет орналастырылған. <https://talapker.okmpu.edu.kz>

Ректор блогі (<https://zhanibekov.edu.kz/university/division/chairman-of-the-management-board-rector/>: *СМК ЮКПУ Е 7.18-2024 «Правила проверки письменных работ с использованием системы Антиплагиат»*

Антиплагиат-Казахстан.Вуз <https://okmpi.n06.antiplagiat.com/cabinet>

Шетелдік жоғары оқу орындарымен байланыс жыл санап жолға қойылуда. Арабиядағы Король Халид университетімен, Түркиялық бірнеше оқу орындарымен, ынтымақтастық келісімшартқа қол қойылған. Жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық бакалавр даярлаудың шетелдік озық тәжірибесін пайдалану мақсатында 08.11.2021-03.12.2021ж. аралығында (2021 жылғы 29 қазандағы № 1/410-т/қ бұйрығы) Стамбул университетінің докторы, профессор Мехмет Өлмез және Хажы Байрам Вели университетінің профессоры, визитинг-профессор ретінде шетелдік ғалым Хулия Касапоглу Ченгель (Түркия) шақырылған. "Ежелгі дәуір және хандық дәуір әдебиеті", "Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат" курстары бойынша "6B1704 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау" ББ білім алушыларына дәріс оқыған.

Академиялық адалдық кодексі, қызметкерлердің этика қағидалары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар мықтап қолға алынған.

1 стандартқа сәйкес сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

2-СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, АҚПАРАТТЫ ИГЕРУ

Дәлелдемелер және талдау: ОҚПУ құрылымдық бөлімдерінің БББ құжаттарын әзірлеу, тексеру және бекіту ҚР ҒЖЖБМ заңнамалық және нормативтік құжаттарына, ОҚПУ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. БББ-сы оқытудың құзыреттілік тәсілін іске асыруға бағытталған, өңірлік еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-деңгейіне сәйкес әзірленген (06.05.2021 ж. №12 хаттама). БББ-сының паспортында түлектің моделі, мақсаты, күтілетін нәтиже-құзыреттіліктер, пән модулі, пән сипаты, жұмыс түрі, практика түрінің сипаты берілген. БББ-сы ОӘК және ОМӘК-мен толық қамтамасыз етілген. Оқытушылар әзірлейтін пәндердің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдары www.okmpu.kz) білім беру порталына (бұдан әрі-портал) жүктелген; білім алушылар жеке кабинеттерінде танысып, оқу кезінде пайдаланады. Жыл сайын БББ-сының сапасын бағалайтын сарапшылар тобы құрылған. Пікір берушілердің (ҚазҰлтҚызПУ; PhD доктор, қауымд.проф. Н.С.Балтабаеваның, Қ.А.Ясауи ат.ХҚТУ Қазақ филологиясы кафедрасының қауымд.проф. Ж.И. Исаеваның, №7-мектеп-лицейдің Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің жоғары санаттағы мұғалімі ААқылбек) пікірлері кафедрада тіркелген. БББ үлгілік оқу жоспарына сай жасалған. Теориялық оқу мен практика, демалыс мерзімі академиялық күнтізбеде анық көрсетілген. Аудиториялық және өзіндік жұмыстың, тілдік практиканың, кәсіптік практиканың және т.б. бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығы нормасының сәйкестігі білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ескерілген. 5 кредиттен тұратын пән үшін (теориялық пән болса) – 3 дәріс, 2 практикалық сағат, 6 кредиттік пән үшін – 3 дәріс, 3 практикалық сағат; 7 кредиттік пән үшін – 4 дәріс, 3 практикалық сағат, 8 кредиттік пән үшін – 4 дәріс, 4 практикалық сағат белгіленген. Барлық семестрдің ұзақтығы 15 аптаға жоспарланған, жалпы алғанда, семестр бойы бір апта ішінде 1 кредит бір академиялық сағатқа тең. Академиялық сағат дәрістік, практикалық сабақтардың 50 минутына тең. Оқу үдерісі СӨЖ сабағының әр академиялық сағаты 2 сағатқа (100 минут) созылады. 1 кредит 30 академиялық сағатқа тең. БББ-сын-дағы теориялық аудиториялық сағаттар 1 кредиттің 3/1 бөлігін, өзіндік жұмыстар сағаты 1 кредиттің 3/2 бөлігін құрайды. БББ-сы теориялық/практикалық мазмұнда толық жасалады. ББ-да оқу практикасы қарастырылған. Оған 2 кредит бөлінген. Тілдік практика 2 курс білім алушыларына 4 семестрінде (1 кредит) жүргізіледі. Психология-педагогикалық практикаға 2 кредит, педагогикалық практикаға (3, 4 курстар үшін) 16 кредит, бөлінген. Қорытынды аттестаттау (дипломдық жұмыс пен жобаны рәсімдеу және қорғау) -5 кредит.

6B01704 - «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» ББ бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемі ҚР БҒМ Кредиттік оқыту технологиясы бойынша

нормативтік құжаттарға сәйкес келеді («Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары»). ҚР БҒМ 2011.04.20 №152 бұйрығы және ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №563, ҚР МЖМБС 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы). Кафедра ұжымы жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес 6B01704 - «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» БББ-сының мазмұнын уақытылы жаңартып отырады, БББ-сына ПОҚ ғылыми зерттеулері негізінде әзірленген жаңа пәндер кезең-кезеңімен енгізіліп отырған. БББ-сының модульдері мен курстарының мазмұны инклюзивтік білім беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі санаттарының мүдделерін ескеретін ECTS Кредиттік оқыту технологиясына құрылымдалған. Сарапшылар білім беру бағдарламаларының мазмұны оқу циклдерінің жалпы білім беретін, базалық және бейіндік бөліктерін көрсететініне; БББ-сын іске асыру үдерісінде қалыптастырылатын құзыреттер кодтары түрінде циклдар бойынша игерудің жоспарланған нәтижелеріне; қазақстандық кредиттер мен ECTS кредиттерінде көрсетілген оқу пәндерінің еңбек сыйымдылығына көз жеткізді.

6B01704 - «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» БББ мазмұны, міндетті компоненті жоғары кәсіптік білім берудің МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. БББ-да кәсіби практика түрі, көлемі (кредит), база, ұйымдастырылуы, нәтиже, тиімділігі ескерілген. БББ оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жұмыс оқу жоспарын, академиялық күнтізбені, оқу үдерісінің кестесін, БББ әдістемелік сипаты элективті пәндер каталогімен, пәндік силлабустармен, практикалық бағдарламамен, практикадан өту жөніндегі әдістемелік нұсқаулармен, мемлекеттік қорытынды аттестаттау бағдарламасымен, әдістемелік ұсынымдармен көрінісереді. Жыл сайын университет аясында практикаға дайындық шеңберінде практика жетекшілері үшін семинар-тренинг өткізіледі. Семинар мақсаты – педагогикалық практика түрлерінің ерекшеліктерін талдау, бағдарламасының мазмұнын нақтылау, жетекшілердің қызметін талқылау. Тренингте басшыларға студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық тапсырма беріледі, тәжірибе алмасу өткізіледі. Семинар-тренинг кезінде практика жетекшілері *flinga.fi* платформасында практика ұйымдастыру бойынша өз ұсынысын жеткізеді. Педагогикалық практикамен байланысты өткізілген семинар-тренинг туралы ақпарат университет сайтындағы жаңалықтар бөлімінде орналастырылған. (<https://www.okmpu.kz/publics/news/176/>). ([Педагогикалық практикаға дайындық: семинар-тренинг қорытындысы - Zhanibekov University](#)). Университетте әр оқу жылында оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында қысқы мектеп ұйымдастырылады. Қысқы мектеп ісінде оқытушылар педагогикалық тәжірибесімен бөлісіп, түрлі әдіс-тәсілдерді талқылайды. Мысалы: 2025 жылғы 08-10 қаңтар аралығында «Әлемдік тәжірибе: білім беру жүйесіндегі жаңа идеялар мен тәсілдер» тақырыбында қысқы мектеп семинары өткізілген (<https://www.okmpu.kz/publics/news/175/>).

ББ-нда бакалаврды практикалық даярлау ісі жоспарланған. Білім алушылардың тілдік, педагогика-психологиялық, педагогикалық практикасының негізгі базасы – Шымкент қ. А.Пушкин ат.№1 мектеп-гимназиясы;3.Космодемьянская ат.№23 мектеп-гимназия. БББ-да оқу практикасы қарастырылға; 2 кредит бөлінген. Тілдік практика 2-курс білімалушыларына 4-семестрде (1 кредит) жүргізіледі. Психология-педагогикалық практикаға – 2 кредит, педагогикалық практикаға (3, 4 курстар үшін) 16 кредит бөлінген. Қорытынды аттестаттау (дипломдық жұмыс,жоба қорғау) 5 кредитпен өтеді.Академиялық күнтізбе 2 міндетті семестрден (15 апталық академиялық кезең); 1 қосымша семестрден (жазғы) тұрады. Оқу бағдарламасындағы пән қарыздарын жою үшін, қажеттілікті қанағаттандыру үшін қосымша 6 апталық жазғы семестр қарастырылған. Семестр сайын ағымдықбақылау тапсыру үшін 3 апталық емтихан сессиясы белгіленеді. Демалыс әр академиялық кезеңнен кейін беріледі; демалыс уақыты оқу жылында 7 аптадан кем емес. БББ бойынша білім алушылардың контингенті:

2020-2021 оқу жылындағы білім алушылардың саны – 25;

2021-2022 оқу жылындағы білім алушылар саны – 27;

2022-2023 оқу жылындағы білім алушылар саны – 23;

2023-2024 оқу жылындағы білім алушылар саны – 13;

2024-2025 оқу жылындағы білім алушылар саны – 15.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі – 85-90%

2 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі - толық сәйкес.

3-СТАНДАРТ.БІЛІМАЛУШЫҒА БЕЙІМДЕТІЛГЕН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Дәлелдемелер және талдау: ОҚПУ-да әрбір білім алушының жеке көзқарасына, оның қажеттіліктері мен жеке қалауына негізделген студентке бағдарланған оқыту жүзеге асырылады.

Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінде академиялық БББ-сы, білім алушыларды қабылдау саясаты, оқу үдерісін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру, білім алушының білім беру траекториясын таңдауы, оқу пәндеріне тіркелу саясаты, оқу сабақтарына қатысуы, білімалушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, кредиттерді тану саясаты, білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару саясаты, олардың оқу жетістіктерін бақылау, жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу, курстан курсқа көшіру, академиялық демалыс ұсыну, кәсіптік практиканы ұйымдастыру ережесі, академиялық ұтқырлық саясаты, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру, қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру қарастырылған.

Кафедра ББ бойынша элективті пәндердің каталогын (ЭПК) әзірлейді. Сарапшылар тобы ЭПК-ң білім алушылардың жеке білім траекториясын құру үшін баламалы пәндермен таныстыру мүмкіндігімен қамтамасыз ететіндігіне көз жеткізді. ЭПК-да пәннің қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижелері, оқу пәндерінің пререквизиттері мен постреквизиттері үш тілде берілген.

Академиялық талаптарды қанағаттандыру үшін үлгермей жатқан білімалушыларға академиялық қолдау көрсетіледі. Оларға қосымша кеңес беріледі, тьюторлар тарапынан қосымша сабақтар өтіледі. Сабақ қажет болған жағдайда инклюзивті түрде өткізіледі. Ерекше қарым-қатынасты қажет ететін білім алушылар үшін жағдай жасалған.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушының барлық оқу кезеңінде білім алушының оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 240 академиялық кредитті меңгеруі болып табылады. Көрсетілген кредитті толық меңгерген білім алушыға мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен бірге беріледі (<https://okmpu.kz/content/university/administration/regulatory-framework/forms-of-self-sample-diplomas/>).

Жоғары БББ-сының мазмұны бакалавриатта үш цикл пәндерінен тұрады: жалпы білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен ЖОЖ әзірлейді. Оқу жылының соңында білім алушылар үшін таңдау пәндеріне таныстырылым жүргізіледі. Соның негізінде білім алушылар игерілген пререквизиттерді ескере отырып, пәндерге жазылады. Жеке оқу жоспары әрбір білім алушының жеке білім траекториясын бөлек айқындайды.

Эдвайзерлер, офис регистратор, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі студенттерге академиялық

қолдау көрсетеді. Емтихандарды белгіленген мерзімде дәлелді себептермен тапсырмаған студенттерге тіркеу кеңсесі растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін сынақтар мен емтихандарды тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді. Академиялық қарызы бар студенттер жазғы семестрде академиялық күнтізбе бойынша білім алады.

Білім алушының оқу сабақтарына қатысуы, білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару саясаты, білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау т.б. оқу үдерісіне байланысты жұмыстар тікелей университеттің ішкі тәртібі мен Академиялық саясатына байланысты жүргізілген.

Университетте студенттерді академиялық қолдау жұмыстары жоспарлы түрде ұйымдастырылады. Студенттерге арналған кураторлық жүйе және академиялық кеңес беру қызметтері (эдвайзерлер) жұмыс істейді. Университет студенттердің пікірін ескере отырып, оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған кері байланыс механизмдерін қолданады (*Ректор блогы, сауалнамалар, сенім жәшігі, сұхбаттар мен семинарлар*).

Университетте инклюзивті білім беру қағидалары ұстанылады, ерекше білім беруді қажет ететін студенттер үшін қолайлы жағдай жасалған. Оқу аудиториялары заманға сай техникалық құралдармен жабдықталған. Пәндерді таңдау және жеке жоспар құру мақсатында білім алушыларға ұсынылатын элективті пәндер каталогы (ЭПК) талапқа сай жасалынған. Студенттің таңдауы «Платонус» жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Студентке бейімделілген оқыту технологиясын тиімді пайдалану мақсатында оқытушылардың біліктілігін үздіксіз арттыру жұмысы жоспарлы түрде жүргізіледі. Оқытатын пән бойынша кафедраның профессор-оқытушы құрамы сертификаттарға ие.

Оқытушылардың жұмыс тәжірибесінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялық әдістері қолданылады. Кафедраның негізгі штаттық құрамы инновациялық оқытуға байланысты кәсіби шеберліктерін қалыптастырған, біліктіліктен өткен. Оқу үдерісін әдістемелік қолдау саласындағы инновациалардың бірі – электрондық оқу материалдары мен мультимедиялық әзірлемелер. Жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) енгізу бойынша белсенді жұмыстар жалғасуда. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ПОҚ жаппай ашық онлайн-курстарды әзірлеу бойынша ОҚПУ СМЖ Е.7. 22-2023 «*Жаппай ашық онлайн-курстарды әзірлеу және бейне дәрістерді жазу туралы ереже*» жоспарлы түрде жұмыс жүргізуде. Кафедраның аға оқытушысы, ф.ғ.к. Ұ.Қайырбекова «Тіл біліміне кіріспе» пәні бойынша жаппай ашық онлайн-курстарды (MOOC) әзірлеуді жоспарлап, бейне дәрістер дайындады. (<https://okmpu.edu.kz/kk/node/2375>). Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде білім алушылар интернет желілірімен (WiFi) толық қамтамасыз етілген. Білім университеттің цифрлық кітапханасына ашық қолжетімділік бар. (<https://library.okmpu.kz/ru/2024/10/02/9189/#>).

«Платонус» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде студенттің жеке кабинеті бар. Жеке кабинеттің «Оқу үдерісі» бөлімінде академиялық күнтізбе, жеке оқу жоспары, пәндерге онлайн тіркелу, оқу аудиториясы,

кесте, бағалау журналы, тапсырмалар, тестілеу сияқты бөлімдер орналастырылған. Білім алушыларды пәндерге тіркеу рәсімі аясында Университет оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасаған, білім алушылардың ЭПК-ға (КЭД) енгізілген пәндерді, модульдерді, оқытушыларды таңдау еркіндігін іске асырады, білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз етеді.

Университетте оқу нәтижелерін бағалау критерийлері ашық, біркелкі, объективті, барлық студенттерге әділ болып табылады және олардың оқу қызметін ынталандыруға ықпал етеді. Білім алушының ЖОЖ-да білім алушының академиялық еркіндігі мен ұтқырлығын іске асыру үшін БББ-сының барлық компоненттері мен элементтері ұсынылған. Студенттердің оқу жетістіктерін тексеру үшін университетте *ағымдық бақылау, межелік бақылау, аралық аттестаттау және қорытынды аттестаттау* көзделген. Университеттің «Platonus» оқу порталында әрбір білім алушы сабақтар мен емтихандар кестесін, ағымдық және аралық үлгерімін көре алады, курстан курсқа белгіленген ауысу балдарымен, сондай-ақ компьютерлік тестілеуден өту рәсімдерімен таныса алады. ОҚПУ СМЖ 7.02-2023 «Оқу-ұйымдастыру процестерін басқару» рәсімінде білім алушылар үшін білімнің ағымдық, аралық және қорытынды бақылауын бағалау кезінде жеңілдететін жағдайлар белгіленген. Университетте емтихандарды (тестілік, ауызша, жазбаша және шығармашылық) және бағалаудың басқа да нысандарын өткізу «Академиялық саясатқа» және ОҚПУ СМЖ ПР 8.04-2023 «Үлгерімге ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу үдерісін басқаруға» сәйкес жүргізіледі. Емтихан нәтижелерін апелляциялау рәсімі ОҚПУ СМЖ ПР 8.04-2024 «Үлгерімге ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу үдерісін басқару» рәсімінде және ЖОО-ның академиялық саясатында жазылған.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін университетте олардың білімін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған (күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру):

ағымдық бақылау, межелік бақылау, аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау. Ағымдық бақылау пәннің Силлабусына сәйкес тиісті оқу апталарында жүргізіледі және бағалар 100 балдық есеппен электрондық журналға қойылады. Межелік бақылау бір академиялық кезең аралығында бір оқу пәні шеңберінде академиялық күнтізбеге сәйкес екі рет 7 апта және 15 аптада өткізіледі. Емтихандар ауызша, жазбаша, тест, аралас және т.б. түрде өткізіледі. Ауызша түрде бір күнде екі немесе одан көп емтихан тапсыруға рұқсат етілмейді. Бағалауды компьютер арнайы формулаларға сәйкес автоматты түрде жүргізеді. Университет басшысының бұйрығымен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) пәндер бейініне біліктілігі сәйкес келетін профессор оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляция қорытындысы Platonus жүйесіне электрондық ведомостқа енгізіледі. Қорытынды аттестаттауға бөлінген кредиттің 50% -ті дипломдық жұмысты немесе дипломдық жобаны жазудан, ал қалған бөлігі плагиаттан тексеруден өткізу, түзету және қорғаудан тұрады.

БББ оқытушылары оқытудың әртүрлі инновациялық әдістері мен стратегияларын қолданады: іскерлік және рөлдік ойындар, дебаттар, тренингтер, пікірталастар, миға шабуыл және ситуациялық тапсырмалар әдістері, слайд-шоу, Flash-презентациялар, кейс-әдістер; студенттердің сыни ойлауын дамытудың стратегиялары мен тәсілдері - инсерт, «жіңішке және жуан сұрақтар», кластер, Венн диаграммасы және т. б.

Білім алушылар арасында, әсіресе бітіруші түлектермен тұрақты түрде сауалнама жүргізіліп отырады. Нәтижесі: профессор-оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттілігі көрсеткіштерінің жалпы орташа балы – 100,0% құрайды, оның ішінде «5» бағасына – 75,11%, «4» бағасына – 132,3%.. «6B01704 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» түлектерінің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін бағалау ББ мазмұнымен қанағаттану деңгейі 100,0% құрады, оның ішінде «5» бағасына – 75,11%, «4» бағасына – 132,3%.

Білім алушының ауысуы немесе қайта қабылдануы кезінде және академиялық ұтқырлық шеңберінде басқа жоғары оқу орындарында толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқыту нәтижелерін университет міндетті тәртіпте қайта есептейді. Ол үшін оқыту нәтижелерін қайта есептеу комиссиясы құрылады. Меңгерілген кредиттерді қайта есептеу – білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алынған білімді, білікті, дағдылар мен құзыреттерді, сондай-ақ оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүргізіледі. Кафедра университетті бітіргеннен кейін өз түлектеріне мониторинг жүргізеді, әр жылдардағы түлектермен байланыс жасайды, олардың мансаптық өсуін қадағалайды, кәсіпорындардан өз түлектері туралы оң пікірлер алады.

Университетте студенттердің өз бетімен білім алуы үшін жақсы жағдайлар жасалған (спорт секциялары мен қызығушылық бойынша үйірмелерде шығармашылық және көркемдік қабілеттерін дамыту мүмкіндігі, студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысу, т.б.).

3 стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

СТАНДАРТ 4. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ОҚУ ҮЛГЕРІМІ, ТАҢУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Дәлелдемелер және талдау: Университетке қабылдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес, сондай-ақ ЖОО-ның академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Талапкерлер үшін *Talapker* университетінің сайтының жеке бөлімі қарастырылған. ОҚПУ сайтында білім беру бағдарламалары туралы білім беру бағдарламаларының тізбесі, қабылдау күндері, құжаттар тізімі, білім беру бағдарламалары бойынша бейіндік пәндер, арнайы педагогикалық емтихан, ҰБТ-ға өтініш беру, шығармашылық емтихан, «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» туралы ақпарат орналастырылған. Қабылдау үдерісі барлық кезеңнің ашықтығы мен түсінікті болуын қамтамасыз ететін талапкерлер үшін нақты әзірленген және қолжетімді өлшемдерге негізделген. Университеттің ресми сайтында онлайн Қабылдау комиссиясы, CALL-центр жұмыс істейді, сондай-ақ талапкерлерге арналған жолдама, талапкерлерді қабылдау ережелері, арнайы педагогикалық емтихан туралы ақпарат және ҰБТ-ға өтініш беру мүмкіндігі орналастырылған. ОҚПУ-ға түсудің барлық критерийлері талапкерлер үшін қолжетімді. Бұл қабылдау емтихандарына, ең төменгі ұпайларға, құжаттарды тапсыру мерзімдеріне және іріктеу процедураларына нақты талаптарды қамтиды. Қабылдау ережелері, оқу шарттары, сондай-ақ оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат университеттің ресми сайтында қолжетімді. Университет талапкерлерді білім беру бағдарламаларының құрылымы, студенттерге қойылатын талаптар, қосымша білім беру және практика мүмкіндіктері туралы егжей-тегжейлі хабардар етеді. Сондай-ақ кітапханалар, спорт кешендері сияқты қолжетімді инфрақұрылымдық нысандардың сипаттамасы, сондай-ақ оқыту деңгейі ұсынылады. Университетте жетім балаларға, көп балалы отбасыларға, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар студенттерге арналған жеңілдіктерді қоса алғанда, талапкерлерге әлеуметтік қолдау қарастырылған. Университет ашық есік күндері және талапкерлермен кездесулер өткізеді. Бұл үдеріс сенімділікті қалыптастыруға және жаңа студенттерді тартуға көмектеседі.

Білім алушыларды ЖОО-ға қабылдау тәртібі ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік құжаттарымен айқындалады. Бекітілген қағидаларға сәйкес білім алушыларды іріктеуді Ұлттық тестілеу орталығы кешенді тестілеуді (КТ) тапсыру жолымен жүзеге асырады. Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтардың отбасыларынан шыққан талапкерлер «Қазақстан Халқына» қоғамдық қорының Білім беру грантын алуға құқылы. «Қазақстан халқына» қоры «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасын 2022-2023 оқу жылынан бастап жүзеге асыра бастады. Қор ауылдық жерлердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан адамдарға, жетім балаларға және бакалавриат бағдарламалары бойынша жоғары білім алу үшін мемлекеттік немесе өзге де грант алмаған

мүгедек балаларға стипендиялар төлеуге гранттар береді. Талапкерлер үшін қажетті ақпарат университет сайтында орналастырылған. (<https://talapker.okmpu.edu.kz/>)

Талапкерлерді қабылдаудың тұрақтылығы кәсіптік бағдар беру жұмысын жоспарлы жүргізу негізінде қамтамасыз етілген. Университет бойынша кәсіптік бағдар жұмысы жоспарлы түрде жүргізілген. Осыған байланысты кафедра жарнамалық өнімдерді әзірлейді, факультеттердің талапкерлермен және жұмыс берушілермен жұмыс істеудегі қызметін үйлестіреді, университеттің қабылдау комиссиясымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізгені байқалады. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да логотипі бар жарнамалық-ақпараттық брошюра, факультеттердің жұмысын сипаттайтын буклеттер, бейнеролик, имидждік өнімдер шығарылады.

Университет сайтында (<https://zhanibekov.edu.kz/content/students/for-students /guide/ guide/>) университеттің виртуалды жол көрсеткіш парағы бар, онда «Факультеттер», содан кейін «Академиялық күнтізбе» және «Бакалавр» бөлімдерінде университетке түсушілер үшін толық ақпарат берілген.

